

**ӘЛЕУМЕТТІК ІЛКІ
НАНЫМДАР НАҚТЫ
ТҰЛҒААРАЛЫҚ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ
РЕТТЕУШІСІ**

Әлеуметтік ілкі нанымдар

Заманауи ойлайтын адамдардың көпшілігінде әлеуметтік жалған нанымдар олардың байқалуының алуан формаларында теріс қатынас туғызады. Сондай болса да бұл жалған нанымдар әлеуметтік өмірдің әртүрлі жақтарын тұлғааралық қатынастар деңгейінде де, әлдеқайда кең қауымдастықтардың өзара қатынастары деңгейінде де өне бойын көктей өтеді. Олардың таралымдығы мен өміршеңдігінің себебі неде? Бұл сұраққа жауаптар іздеу әлеуметтік психологтарды ондаған жылдар бойы мазалап келеді. Олар бірқатар теориялық түсініктемелер жасады, үлкен эмпирикалық сипаттау материалы жинақталды. Міне солар біздің қарастыратын пәнімізді құрайды. Бұл тарау біздің ғылыми жетекшілігімізбен жүргізілген Ю.С. Смирнованың жалған наным феноменін диссертациялық зерттеуінің нәтижелерін пайдалана отырып жазылды.

Әлеуметтік ілкі нанымдар ұғымы

Көптеген адамдар ауық-ауық мәртебелік, мәдени, сыртқы және көптеген өзге ерекшеліктермен байланысты өзіне деген ілкі нанымдық қатынасты сезінеді. Олардың кейбіреуіне қатысты бұл қатынас қарастырылып өткен виктимизация, стигматизация, нәсілдік және жыныстық кемсітуде байқалған эксперименттік формалар қабылдайды.

Әлеуметтік ілкі нанымдар проблематикасы бойынша зерттеулердің агрессиямен болғандағы сияқты, көптігіне қарамастан, оны анықтауда қиындықтар туындайды. Бұл айқынсыздық зерттелінетін аспектілердегі шатасуларға және зерттеу нәтижелерін түсіндірудегі дауласуға алып келеді.

С.И. Ожеговтың «Орыс тілінің сөздігінде» ілкі наным «кімгенеге қатысты бұрын ойлаған теріс пікір» ретінде анықталады. «Бұрын ойлаған» «алдын ала және жалған қабылданған» дегенді білдіреді. Өзінің мәні бойынша «бір нәрсеге әдеттегідей болып кеткен жалған көзқарас» ретіндегі «соқыр сенім» сөзі жақын болып табылады. Отандық әлеуметтік психологияда бұл феноменге қандай да бір қатаң анықтама жоқ. Ілкі наным ұғымы әлеуметтік психология бойынша ағылшын тілді көздерде

әлдеқайда кеңірек таныстырылды, онда орыс тіліне ілкі наным ретінде де, соқыр сенім ретінде де тәржімаланатын ағылшынның «prejudice» сөзі қолданады. Әлеуметтік психологияның Блеквелловтық энциклопедиясында ілкі наным «топ мүшелеріне қатысты олардың осы тиесілігі нәтижесінде аттитюдтерді немесе ұсынуларды кемсітетін, теріс көңіл-күйлік қатынасты айту немесе қастасу немесе кемсіту мінез-құлықтың байқалуы» ретінде анықталады.

Ілкі наным феноменіне жалпылама сипаттама бере отырып, оның топаралық қатынастардың сипаттамасы болып табылатынын; қандай да бір әлеуметтік топқа қатысты, сондай-ақ жеке адамға оны осы топпен ұқсастандыру жағдайында орын алатынын атап өткен жөн. Топаралық феномен бола отырып ілкі наным тұлғааралық қатынастар сферасында байқалады. Топқа берілетін жалпы қасиеттер жеке индивидке тән жекелік қасиеттерге айналады. Бір мезгілде ілкі наным аттитюд (қатынас, әлеуметтік ұстаным) ретінде теріс түрде қарастырылады. Бұл топты және оның мүшелерін теріс бағалау (кері, қастық, жеккөрінішті қатынас, антипатия, жаратпаушылық, кінәлау) екендігі атап көрсетіледі. Жалған наным барабарсыздықты, негізсіздікті, жалғандықты сипаттайды, қателікті икемсіз генерализацияға, толық емес, қате, тәлдігі жоқ ақпаратқа негізделеді, осыған байланысты негізсіз (ақталмаған) болып табылады, ақыр соңында хабарды немесе әрекетті барабар қабылдау мен түсіндіруге (интерпретациялауға) кедергі келтіреді. Сонымен қатар ілкі наным тәжірибеден тыс сипатта болады, объективті білімнің алдында болатын, фактілерге негізделмеген, алдын ала қабылданған пікір, мерзімінен бұрынғы пайымдау ретінде болады.

Ілкі нанымдардың қателікті және дәлсіздік дәрежесі олардың тәжірибеден тыс (априорлық) сипатының нәтижесі болып табылады және әртүрлі болуы мүмкін. Олар нысан туралы барабарлық (мейлі алдын ала және тексерілмеген болсын) ақпаратқа да базалануы, сондай-ақ толықтай жалған, қате де болуы мүмкін. Олардың негізсіздігі, осылайша, когнитивтік-аффективтік құраушының жалғандығымен, қателігімен емес, фактілердің, тәжірибенің расталмағанымен шартталатын болады.

Өзінің кең мағынасында «ілкі наным» ұғымы тек топаралық қатынастар сферасына ғана қатысты қолданылмайды, сондай-ақ басқа да контексттерді қамтиды. Мысалы, жарнамаға, отандық немесе шетелдік өндіріс тауарларына, сары баспасөзге, Бразилия сериалдарына, т.с.с.

деген жалған нанымды қатынас. Психологияда ғылымдағы авторлық ілкі нанымдылық зерттеушілік жалған нанымдар феномені белсенді түрде зерттелуде. Бұл феноменге психологиялық зерттеуде айрықша назар аударылады.

Ілкі нанымдар негізінде тек стереотиптер ғана емес, сондай-ақ сенімсіздік, қорқыныш, жаратпаушылық және адамдардың өздерінен ерекшеленетіннің, өздеріне ұқсамайтының, белгісіздің, демек болжамсыздың барлығын қабылдамауы да жатуы мүмкін. Адамдардың әртүрлі әлеуметтік топтарға тиесілігі олардың айырмашылығы, «бізге» және «оларға» бөлінуі, соң-ғылары алыс, бөтен, түсініксіз, болжамсыз, қауіп туғызушы, т.с.с. ретінде қарастырылатыны атап көрсетіледі. Бұл жағдайда жалған наным өзінің теріс мінез-құлқын ақтау және теріс сезімдерін іске асыру үшін қолданылуы мүмкін. Олар сондай-ақ өз әрекеті үшін жауапкершіліктен және кінәлік сезімнен қашуға, өзінің кемшіліктерін ақтауға және өзін құрметтеуді қолдауға, толыққанды еместік сезімнің орнын толтыруға және өзінің басымдығын атап көрсетуге, басқалардың өзіне бағынуына қол жеткізуге, өзінің мәртебесін көтеруге, т.с.с. жетуге мүмкіндік береді.

«Кемсіту (дискриминация)» термині өзінің мазмұны бойынша «ілкі наным» ұғымына жақын болып табылады. Бұл топқа немесе оның мүшелеріне қатысты ақталмаған теріс ұстаным, оның негізінде бұрын ойлағандық теріс ұстанымы, яғни ілкі наным болады. Бұл кезде әңгіме белгілі бір әлеуметтік топқа және оның өкілдеріне қатысты ілкі нанымдар мен кемсіту кешені туралы жүреді. Мысалы, «нәсілшілдік» термині осы немесе басқа нәсілдің өкілдеріне қатысты теріс түсінік және кемсітушілік ұстанымдарды білдіреді. Ағылшын тілді психологияда негізінде **жас ерекшеліктік (ageism)**, жыныстық (sexism), жынысқатыстылық бағдарлық (heterosexism), кластық тиесілік (classism), т.с.с. айырмашылықтар жататын ілкі нанымдар мен кемсітуді белгілейтін ұқсас терминдер бар, оларды жан-жақты қарастыру кейінірек ұсынылады.

Ілкі нанымдар – кең таралған құбылыс. Әртүрлі тектес ілкі нанымдар мен соқыр сенімдерден толықтай еркін адамды табу қиын. Соқыр сенімдер кез келген адамға тән, айырмашылығы, олар өздерін қандай формада және қай сферада көрсететінінде, сондай-ақ осы немесе басқа субъектінің теріс түсінік деңгейінде. Соқыр сенімдердің деңгейінің дәл өзі олардың Р. Брислин ұсынған және В.В. Попковтың орыс

тілді нұсқасында берілген типологиясының негізіне жатқызылды:

– айқын негізсіз соқыр сенімдер бөтен топтың мүшелері «төмен» тұрады және өз тобының өкілдерінен «нашар» болып табылады деген ашық мәлімдемені болжамдайды;

– символикалық соқыр сенімдер бөтен топқа деген, өз тобының базалық мәдени құндылықтарына қауіп туғызушы ретінде қабылданып теріс сезімдердің болуын білдіреді;

– токенизм қоғамдағы белгілі бір топтардың өкілдеріне, әділдік көрінісін жасау үшін, ресми басымдық беруден тұрады;

– «ұзын қолдар» соқыр сенімдері кездейсоқ, үстірт, бейресми сипаттағы тілдесу жағдайына оң қатынасты, ал әлдеқайда жақын жанасу жағдайына теріс қатынасты білдіреді;

– нақты құштарлық пен антипатиялар бөтен топтың өкілдеріне деген теріс қатынасқа, егер олардың әрекеті өз тобының мүшелеріне ұнамаған жағдайда алып келеді;

– «таныс және бейтаныс» соқыр сенімнің ең төмен деңгейін білдіреді және өзінің формасы бойынша, бөтен топтың өкілдерімен жанаса отырып, адам кез келген жағдайда өз тобының өкілдерімен өзара әрекетпен салыстырғанда өзін қолайсыз сезінуден тұрады.

Ілкі нанымдар адамдар арасындағы қатынастардың барлық сфераларына қатысады, қоғам өмірінің ең алуан жақтарын қамтуы мүмкін. Байқалу сферасына байланысты нәсілдік, этникалық, гендерлік, кластық, діни, саяси, кәсіптік, жас ерекшеліктік ілкі нанымдар, жыныстық азшылыққа, маскүнемдерге, нашақорларға, қылмыскерлерге, семіздерге немесе арықтарға, т.с.с. қатысты ілкі нанымдар болады.

Топаралық феномен ретінде бола, топ өкілдеріне деген белгілі бір көңіл-күйлік-бағалық қатынасты білдіре отырып, ілкі нанымдар өздерін нақты тұлғааралық қатынастардың реттеуіштері ретінде байкатады. Олар адамның немесе топтың қолайсыз мінез-құлқын ақтау және олардың теріс сезімдерін тиімділендіру қызметін атқарады. Бұл ілкі нанымдар салдары көбінесе теріс, деструктивті болады, адамдар арасында жақсы қатынастар орнатуға кедергі келтіреді, түсініспеушіліктің, алауыздықтың себебі, топаралық және тұлғааралық кикілжіндер мен қақтығыстардың, кемсітудің көзі болып табылады, болып жатқанды объективті және автономды бағалауға бөгет болады, ең соңында, стигматизация үшін қолайлы жағдай туғызады және онда байқалуы мүмкін. Ілкі нанымдардың тұрақтылығы атап көрсетіледі: олар тиімді

дәлелдерді қолдана отырып логикалық аргументтеу жолымен сендіру әсері арқылы өзгерістерге қиын беріледі. Ілкі наным-ды субъект өзінің құштар немесе консервативті екендігін және болып жатқан оқиғаларға объективті, тәуелсіз баға бере алмайтындығын саналауға мүлде ырғақталмаған. Бағалаудағы өзінің құштарлығы мен әділетсіздігін саналау болса, алғы нанымдылықтың міндетті түрде төмендеуіне әкелмейді, бірақ адамға өзінің өзіне деген оң образын сақтауға және шыдамды, түсінетін, ауқымды ойлайтын азамат ретінде оңтайлы өзін ұсынуды іске асыруға мүмкіндік беретін ілкі нанымдар байқалуының когнитивтік және тілдесулік стратегияларын қолдануға ықпал етеді. Стигматизирленген азшылық жөніндегі коммуникацияларды дискурсивті-аналитикалық зерттеулер шеңберінде когнитивтік және тілдесулік стратегиялар талданады.

Ілкі нанымдар табиғатын түсінуге тырысқан Hetch 4 метафориялық анықтама келтіреді:

Ерекшеліктен және белгісіздіктен қорқу ретіндегі ескерту.

Ерекшелікті және белгісіздікті қабылдамау ретіндегі ілкі наным.

Сирек ресурстар үшін күрес ретіндегі ілкі наным.

Иерархия ретіндегі ілкі наным.

Бұл төрт аспект ілкі нанымдар табиғаты мен олардың ерекшелігін (спецификасын) түсінуге әртүрлі келістер тұрғысынан қарастырылуы мүмкін.

Ілкі нанымдарды қарастыруға деген теориялық келістер

Ілкі нанымдарды, топаралық қатынастарды тұтастай қарастыруға арналған әдебиетте ілкі наным – көптеген өзара байланысқан экономикалық, саяси, тарихи, мәдени, әлеуметтік-құрылымдық, әлеуметтік-психологиялық факторлардың әрекетінің нәтижесі ретінде атап көрсетіледі.

Әлеуметтік-психологиялық зерттеулер осы құбылыстың табиғатын, оның ерекшелігін (спецификасын), қалыптасу мен байқалу ерекшеліктерін түсінуге едәуір үлесін қосады.

Ілкі наным феномені оның табиғатына өзінің түсінігін әртүрлі аспектілерде көрсете отырып ұсынатын түрлі теориялық дәстүрлер мен келістер тұрғысынан зерттеледі. Интегративтік-электикалық келіс тұрғысынан бұл толықтай табиғи және өзара байытушы болып табылады.

Ілкі нанымдар феноменінің қолданыстағы түсініктерінің көпшілігі топаралық қатынастар психологиясында тамырланған. Әлеуметтік-психологиялық зерттеулердің дәл осы сала-

сында топаралық агрессия, кернелулік және кемсітушілік табиғатын түсіндіруге бірнеше мәрте талпыныс жасалды. Қолданыстағы теориялардың барлығы дерлік ауттоптық агрессияның сөзсіз болу фактісін құптайды.

Социобиологиялық келіс. Эволюциялық теорияның негізгі қағидаларына сүйенеді. Осы келіс тұрғысынан алғанда, шыдамсыздық туа біткен болып **табылады немесе кем дегенде** биологиялық негізде болады. Әлеуметтік және тұлғалық факторлардың ықпалын бұл келістің өкілдері (Р. Херрестейн, К. Мюррей, Д. Спербер, В. Рейнолдс, В. Фолгер, Н. Степан) қарастырмайды. Бөтендерден қорқу мен топтық ұқсастануға қажеттілік өзінің түрін, өзінің тобын сақтауға туа біткен ұмтылыспен байланысты, ал коммуникация стратегиялары тірі қалу мақсаттарына қызмет етеді және табиғи сұрыптау факторларының әсеріне ұшырайды. Ілкі нанымдар, осылайша биологиялық мақсатқа сәйкесті болып табылады. Бізді қызықтырушы құбылысты түсіндіруге деген социобиологиялық келістің өзіндік шектеулері бар. Мысалы, ол бір субъектілер жалған нанымды болып табылатын, екіншілері шыдамдылықтың жоғары деңгейімен сипатталатын фактіге түсінік бермейді, ілкі нанымдардың мазмұны мен бағыттылығы, олардың динамикасы, т.с.с. немен шартталады деген сұраққа жауап бермейді.

Психоаналитикалық келіс. Топаралық кернелудің психологиялық тамырына психоталдаудың атасы З. Фрейд алғаш назар аударып, өзінің кейінгі жұмыстарында осы құбылыстың табиғатына көзқарастардың тізбекті жүйесін ұсынды. З. Фрейд кез келген топаралық өзара әрекеттегі ауттоптық араздықтың сөзсіз болатындығы, әмбебаптығы фактісін құптап, оны топтың ауызбіршілігі мен тұрақтылығын сақтаудың басты құралы ретінде түсіндіреді. Әлеуметтік психологиядағы психоаналитикалық бағдарлану шеңберінде топаралық араздық тууының механизмі қарастырылды. Ол жанұядағы амбиваленттік көңіл-күйлік қатынастарды әлдеқайда ауқымды әлеуметтік контекстке ауыстырудан тұрады: көшбасшыға деген қатынаспен өз тобындағы ұқсастану жанұядағы әкеге деген қатынас моделі бойынша қалыптасады, ал агрессия болса ауттопқа ауысады. З. Фрейд пен оның ізбасарларының идеясы топаралық қатынастардың заңдылықтары туралы түсініктердің әрі қарай дамуына елеулі ықпал етті.

Т. Адорно және оның әріптестері ұсынған «беделді тұлға» тұжырымдамасы осының айқын мысалы болып табылады. Авторлар ере-

сек адам тұлғасының бала тәжірибесімен айқындалуы туралы психоанализдің идеясын қолданды. Зерттеушілерді авторитарлықтың, этноцентризмнің, фашизмнің психологиялық тамырлары қызықтырды. Олардың болжамы (гипотезасы) ілкі нанымдарға бейім адамдар болатындығынан тұрды. Мұндай бейімділіктің бастауы әлеуметтенуге негізделді. Ата-аналар әлеуметтенудегі басты агенттер болып табылады. Егер олар баладан әлеуметтік нормалардың қатаң сақталуын талап ете отырып, оған өзін байқату мүмкіндігін бермей, тым қатаң тәртіптік режим орнатса, онда балада оларға қатысты барабар мақсаттарға ауысатын табиғи агрессия туындайды. Түпкілікті нәтиже – шыдамсыздық, ауттоп өкілдеріне деген ілкі нанымдық қатынас оның басты мінездемесі болып табылатын авторитарлық тұлғаның қалыптасуы. Авторитарлық тұлғаның психологиялық портреті келесі сипаттамалармен ұсынылады: сенімдердің беріктігі мен бас имеушілігі; құндылықтардың конвенционалдық жүйесі; өзінің немесе өзгенің әлсіздігіне қатысты ымырасыздық; адамдарды әлеуметтік нормаларды бұзғандығы үшін жазалау керектігіне және оларды түсінуге тырысудың керек еместігіне сенімділік; әсіресе қандай да бір беймәліммен ұшырасқандағы жоғары күмәншілдік; билікке деген құрмет және оның нұсқауларына қатаң бағыну. Осындай авторитарлық тұлғаның билікке деген қатынасы ата-анаға деген қатынас моделі бойынша қалыптасады. Билікке деген үнемі шектеулі араздық орын алмастыру механизмі бойынша басқа әлеуметтік топтарға бағытталады.

Бұл келіс жекеленген тұлғалардың жалған нанымдар мен кемсітуге деген бейімдігін түсіндіреді. Әлеуметтік топтарға тән ілкі нанымдар бұл тұжырымдамада өзіне түсіндірме таппайды. Сондай-ақ, «авторитарлық емес» тұлғалардың ауттоптық араздығын бейнелеу нұсқалары, **сонымен қатар авторитаризм шкаласы** бойынша жоғары балл алатын субъектілер араздығының көрінімді байқалымдарының жоқтығы анықталмаған күйде қалады.

Психоаналитикалық бағдарлануға деген қайырылу ілкі нанымды психологиялық қорғаныс механизмінің – проекцияның әсерінің салдары ретінде айтылуын байқайды. Проекция «субъектінің өзінде бар саналанбайтын ойларды, күйзелістерді, сипаттарды және ырғақтарды басқа адамдарға санасыз таңудан» тұрады. Психологиялық қорғаныс механизмі ретінде проекция психиканы өзінің «қабылдауға келмейтін» ұмтылыстарын саналаудан қорғау

функциясын атқарады. Өзіне қарсы бағытталмақшы кері эмоциялар, бұл кезде проекция нысандарына бағытталады және субъектіге осындай жолмен өзін құрметтеудің жоғары деңгейін сақтап қалу мүмкін болады. Сонымен, ілкі нанымдар өзінің қабылдауға келмейтін бөлігін басқаларға проекциясының салдары болып табылады және сол басқаларды осы теріс сапаларды игергені үшін жазалауды ала кетеді.

Аналитикалық психологияның атасы К.Г. Юнг тұлғаның архитипикалық құрылымында көлеңкенің архетипін қарастырады. Көлеңке саналы түрде таңдалған ұстаныммен сәйкес келмейтін, мойындалмайтын ұмтылыс пен сапаны іске асырады; бұл тұлғаның ең төмен бөлігі, оның қараңғы аспектілері, оның тартымсыз сапаларының жиынтығы.

Психикалықтың санасыз және ығыстырылған мазмұны, жоғарыда аталғандай, сананы айналып өтіп, қоршаған нысандарға жеңіл проекцияланады. Психикалық мазмұндардың мазасыздығын туғызатын осындай экстернализациялау – көлеңкеге сыртқы байқалу алуға мүмкіндік беретін тәсіл. Көлеңке басқаларға проекцияланады. Адам өзінің жауын өзінде танығысы келмеген кемшіліктері үшін кінәлайды. Ол өзінің болмысында танылмаған бөлік үшін ашуланады. Д.В. Ольшанский атап көрсеткендей: «Кері проекцияны танудың жақсы тәсілі мен өзінің көлеңкесін түсінуді үйрену – бұл өзімізде айрықша күшті мазасыздық, араздық пен ашу туғызатын адамдар мен жағдайларға назар аудару». Сонымен, **ана-литикалық психология** терминдерінде ілкі нанымдар көлеңкенің қоршаған нысандарға проекциялануының нәтижесі. Нысан көбінесе проекция үшін «ілгектің» рөлін атқарады, тіпті оны белсенді түрде «тартады». Бұл жағдайда проекциялаушы мен проекция алушы «жаны бір» (one soul) бола түседі және өзінің рухани тепе-теңдігі мен тіпті осы біртүрлі өзара қатынас үдерісінде қарапайым өмір сүруі үшін бірін бірі қажетсінеді және бірін бірі қиратады. Адамның психикалығы жауға мәжбүр болады және оның жасалуына тіпті өзінің үлесін қосады. Көлеңкеге деген саналы қатынас пен шыдамдылық психикалықтың теріс жақтарының басқаларға проекциялануы мен жауларды жасауға еріксіз қажеттілігін тежейді.

Необихевиористік келіс. Оқырманға белгілі Дж.Доллард пен Н. Миллердің фрустрация мен агрессия тұжырымдамасы бұл келістің ең айқын бейнеленуі болады. Ол келесі идеяны негізгі ретінде ұсынады: агрессивті мінез-құлықтың болуы қашанда фрустрацияның болуын бол-

жамдайды, және керісінше, фрустрация агрессияның кейбір формасына апарайды. Ілкі нанымдар араздық паттерні ретінде, осы теория тұрғысынан, фрустрация салдары ретінде туындай алады. Фрустрацияны бастан өткізудің бірдей себептері бар субъектілердің бірдей шамада ілкі нанымдар ықпалына ұшырауы міндетті емес. Кейде адамдар, олардың саналанбаған қажеттіліктерін қанағаттандыратын нанымдарды ұстанады. Жалған нанымдар кім осы ілкі нанымдар нысаны болып табылатындардан үстемдік сезімін береді. Ілкі нанымдар көбінесе әлеуметтік жағдайы жоғары еместерде немесе жағдайы күрт төмендегендерде, сондай-ақ өзінің позитивті «Мен» образына қатер төнгендерде әлдеқайда күштірек болады.

Ілкі нанымдар феноменін түсіну үшін Дж.Доллард пен авторластарының келесі болжамы маңызды мәнге ие болады: бірінен кейін бірі жүретін фрустрирленетін оқиғалар белгілі бір уақыт ішінде сақталады және жиынтықты болуы мүмкін (яғни, ішкі кернелудің өсуі жүреді), ал барлық агрессивтілік актілер бұл кезде **қандай да бір катаристің, кернелуді азайту** рөлін атқарады. Көптеген фрустрирленетін жағдайда адам өзінің фрустраторға қатысты агрессивті ұмтылыстарын тікелей айту жағдайында болмайды (соңғысының тарапынан агрессивті жауап әрекет **күтуге болады, фрустрация** бастауы айқын болмауы немесе ол индивидтің өзінде болуы мүмкін, моралдік нормалар теріс көңіл-күйдің байқалуына шектеулер қоюы мүмкін). Осыған ұқсас барлық жағдайда агрессия үшін фрустрацияға ешқандай қатысы жоқ, кінәсіз және қанағаттандырылғы өзіндік қорғанысқа қабілетсіз жаңа нысандар таңдалынады. «Құрбандық (козел отпущения)» іздеу ең кең таралған түрі болып табылатын агрессияға өту жүреді. Авторитаризмді зерттеу, ең бастысы теріс санкцияларды қолданатын және өз қарамағындағандарын фрустрирлейтін беделді көшбасшы жетекшілік ететін топ мүшелерінің, демократиялық стилде басқарылатын топ мүшелерімен салыстырғанда, бір біріне қатысты әлдеқайда агрессивті болатынын көрсетті.

Әдебиетте ілкі нанымдар мен топаралық араздықты қарастыруға деген бұл келіс сондай-ақ «стигматизация» теориясы ретінде белгілі.

Стигматизация келісі. Стигматизирленетін немесе «құрбандық (козел отпущения)» – оған үнемі жауапкершілік артылатын адам. «Құрбандықты (козел отпущения) әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде» іздеу Т. Дугластың жұмысында жан-жақты талдауға

ұшырады. Автордың пікірінше, негізделмеген араздық ұстанымдары өзінің қолайсыз істері үшін кінә мен жауапкершілікті басқаларға ауыстыру нәтижесінде туындауы мүмкін. Бұл құбылыстың тарихи тамырлары көне заманға кетеді. Жасаған әрекеттері үшін жауапкершіліктен қашуға, кінәның аса ыңғайсыз сезімін әлсіретуге талпыныстар сол кезде де болған және тазалану дәстүрлерінің алуан түрлі формасын қабылдады. Адамдар жазалай да, марапаттай да алатын, барлығын көретін қадағалаушының – құдайдың бар екендігіне сенді. Аурулардан, апаттардан және басқа да зіл-залалардан қашу үшін олар жасаған әрекеттері үшін кінә мен жауапкершілік жүгін символикалық түрде басқа адамдарға, жануарларға немесе қандай да бір жансыз заттарға жүктеді. Дәстүр кезеңмен қайталанып отырды. Адамдар бәрін көретін құдайдың кәрінен қашу және тірі қалу мақсатында өздерінің кінәлары мен нашар істері үшін кешірім алуға тырысты. «Жіберу текесі (козел отпущения) (арылу)» атауы көне еврейлерде болған бүкіл халықтың кінәсін тірі текеге жүктеудің айрықша дәстүрін сипаттауға байланысты туындады. Кінә жіберу күнінде священник екі қолын жануардың басына еврей халқының кінәларын соған аударудың белгісі ретінде қоятын, сонан соң текені құмға айдап жіберетін. Сол уақыттан бері қоғамда көптеген өзгерістер болды. Бірақ адамдар әлі де өлеуметтік керексіз әрекеттер істеп келеді және жазалаудан қашуға, өз мінез-құлқының теріс зардаптарын ескертуге, жауапкершілік жүгінен оны басқалардың иығына іле отырып құтылуға, өзінің кінәсін және соның нәтижесінде туындайтын ішкі кернелуді азайтуға немесе жеңілдетуге ұмтылады. Бірақ «жіберу текесі» құбылысын енді тазару салты деп айтуға болмайды. Бұл енді бейімделу, дәлірек айтқанда жалған бейімделу механизмі, тірі қалудың жекелік немесе топтық стратегиясы, өзін сақтау, өзін құрметтеуді қолдау техникасы. Шыдамсыздық, араздық ұстанымдары, ілкі нанымдар осы теория тұрғысынан, жауапкершілікті басқаға жүктеу мен өзінің қолайсыз әрекеттері үшін кінәнің ыңғайсыз сезімінен құтылу тәсілі ретінде туындайды.

Топаралық карама-қайшылықтар келісі. Топаралық проблематиканы қарастыруға деген бұл келіс түсіндіру принципі ретінде «интеракция» категориясын енгізген М. Шерифтің жұмыстарында келтіріліп, өзара әрекеттің тікелей өзі топаралық қатынастар сипатын шарттандыратыны атап көрсетілді. Топаралық араздықтың пайда болуына мүдделердің нақты ки-

кілжіңдері алып келеді. М. Шерифтің бұл идеялары Д. Кэмпбелл жасаған топаралық кикілжіңнің **нақтылық (реалистік) теориясында** әрі қарай өзінің дамуын тапты. Кэмпбеллдің көзқарасы бойынша, әртүрлі топтар мүдделерінің нақты кикілжіңі топаралық кикілжіңді, бәсекелестік қатынастарын, топтың жекеленген мүшелерінің нақты қауіптерді қабылдауын шарттандырады. Нақты қауіп, өз кезегінде, оның бастауына, яғни сыртқы топқа деген қатынастарына араздықты шарттандырады. Сонымен, мүдделердің объективті қақтығысуы ілкі нанымды күшейтеді. Топтық кикілжіңнің нақтылық теориясы иммигранттарға деген ілкі нанымдарды зерттеудің негізіне жатты. Зерттеушілердің пікірінше, ілкі нанымдардың қалыптасуында ауттоп тарапынан қауіпті сезіну мен өзінің және бөтен топтар арасындағы ұқсастықты немесе айырмашылықты бағалау маңызды рөл атқарады. Айырмашылықты тек топаралық саралау мен сезіну ғана емес, өзінің және өзге топтардың мәнді сипаттамалар бойынша ұқсастығын бағалау да араздықтың бастауы бола түседі. Мәдени қауіп пен нақты қауіпті айырмалайды. Біріншісі топаралық айырмашылықтарды сезінумен шартталған: ауттоп өкілдері өзінің мәдени ортасының тұрақтылығына қауіп төндіруі мүмкін өзге моралдік нормаларға, құндылықтарға, тілдесу стиліне, т.с.с. ие болады. Бөтен топтың өкілдері қандай да бір сферада бәсекелес ретінде қабылдануы мүмкін. Мүдделердің осыған байланысты қабылданатын нақты кикілжіңі табыс үшін мәнділігі ұқсас сипаттамалар жағдайында ілкі нанымдарға **алып келуі мүмкін. Мысалы, иммигранттар**, егер олар еңбекке орналастыру санасында бәсекелес ретінде қабылданатын және кәсібилік деңгейі бойынша өз тобының өкілдерімен тең ретінде бағаланатын болса, ілкі нанымдар нысаны болады. Осы зерттеудің негізінде топаралық қатынастардың дамуы мен ілкі нанымдар қалыптасуындағы когнитивтік үдерістердің рөлін қарап шығуға болады. Нақты жағдайдың өзі емес, оның қабылдануы мен түсіндірілуі маңызды мағынаға ие болады.

Ілкі нанымдар жеке тәжірибеге негізделген асығыс және негізделмеген қорытындылардың салдары, сондай-ақ белгілі бір қоғамдық топта қабылданған стандартталған пікірлерді сыни емес игеру нәтижесі болуы мүмкін. Қалыптасқан соң, ол өзі іске асырылатын сәуегейлік механизмі бойынша жұмыс істеуі мүмкін және адамдар өздерінің мінез-құлқын таралған,

әрі олардың айналасындағыларда әлеуметтік қолданымды болып табылатын алғы нанымдармен келістіретін конформділік инерциясы нәтижесінде сақталына алады. Теориялық келістердің ұсынылған көптірлілігі, ең алдымен, ілкі наным феноменінің күрделілігі мен оның

көпәспектiлiгi туралы куәландырады. Соңғысы оның формалары мен байқалуларының көптірлілігінен байқалады, алдында ескертілген кемсіту, жынысқатынастылық, нәсілшілдік пен стигматизация солардың ең белгілілері болып табылады, енді соларды қарас-тыруға өтемін.

Литература

- 1 Янчук В.А. Введение в социальную психологию. Учебное пособие. – Минск, 2010. – С.684-707.
- 2 Ожегов С.И. «Словарь русского языка. – 1987. – С.472 .
- 3 Блеквелловская энциклопедия социальной психологии. – 1996. – С. 450.
- 4 Брислин Р. – Попков В.В. Типология социальных предубеждений. – 2002. – С. 189-190.
- 5 Росс Л., Нисбетт Р. Человек и ситуация. Уроки социальной психологии. – М.:Аспект Пресс, 2000. – 85 с.
- 6 Ольшанский Д.В. Психология масс. – СПб.: Питер, 2001. – 85с.

References

- 1 Yanchuk V.A. Introduction to social psychology. Study guide. –Minsk, 2010. –P. 684-707.
- 2 Ozhegov I. –«Russian language dictionary». – 1987. – P. 472.
- 3 The Blackwell encyclopedia of social psychology. – 1996. – P. 450.
- 4 Brislin R., Popkov V. Typology of social prejudice. – 2002. – P 189-190.
- 5 Ross L., Nisbett R. Person and the situation. Lessons from social psychology. – Moscow: Aspect Press, 2000. – P 85.
- 6 Olshansky D. Psychology of the masses. – SPb .: Peter, 2001. – P 85.